

Работа педагога по оказанию помощи ребенку в решении его проблем может осуществляться, в том числе, путем коррекции микросреды личности, когда родителям рекомендуется изменить обстановку в комнате ребенка, приобрести необходимые инструменты, пособия для хобби, помочь ребенку в установлении контактов в сообществе сверстников, поддержать его интересы и инициативы, тем самым направить его мысли и деятельность на успешную социальную адаптацию и саморазвитие.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. – М.: Мысль, 1971. – С.198.
- 2 Мудрик А.В. Социальная педагогика. – М., 2005.

### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

*Ильясова Р.К, Нұрашева Г.С.,*

*Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж, Казахстан*

**Аннотация.** В статье дана краткая характеристика опыта формирования профессиональной компетентности в педагогическом колледже им. Ж. Досмухамедова.

Қазіргі кезде, педагогикалық қызмет табиғатында инновацияны талап ететіні барлығы-мызға түсінікті. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың заңнамалық – тұжырымдамалық негіздері, әсіресе, елімізде 2011–2020 жылдарға білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептерде тұрған көкейтесті міндеттердің қатарына оқытудың құзыреттілік тәсілін жүзеге асыруды басты назарға қояды(1).

«Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты» жобасында «Құзыреттілік– окушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін менгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзірет дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; окушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағат-тандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген.

Әлемдік ғылымда құзыреттілік мәселелерімен М.В. Рыжаков, Э.В. Зеер, Е.А. Климов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Г.В. Горланов, Д.А. Мещеряков, А.В. Хуторской, Н.Л. Гончарова, В.А. Адольф, Э.Ф. Зеер, т.б. айналысада.

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х.Кұрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Менлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С.И.Ферхो (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Бұғынгі педагогика ғылымындағы жаңа көзқарас бойынша тұлғаға бағдарлы үлгі оқушыларға білім негіздерін беруді емес, оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануына, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуына, қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқу және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге жағдай жасауды мақсат етеді.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атайдыз» (2) деп анықтаса, Ш.Таубаева: «Құзыреттілік–ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында

менгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -дейді (9).

Галымдардың еңбектеріне сүйенсек «Құзыреттілік - бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оку міндеттерін шешуде практикалық тәжірибе негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» басшылыққа алады.

Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жүмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Адам туралы ғылымдар саласында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға үлес қосатын, табыс үшін қажеті құзіреттіліктер деп проблемалар мен өзіндік менеджменттің шешу құзіреттілігі, яғни адамның проблемаларды шешуге және инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығы; ақпараттық құзіреттілік, яғни өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы; коммуникативтік құзіреттілік, яғни әлеуметтік және интерактивті өзара іс-әрекетке дайындығы танылып отыр.

Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колledgeгі педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда құзыреттілік компоненттерінің 3 деңгейінің I – деңгейін қолдану өзінің тиімділігін көрсетті.

1 кесте

*Ақпараттық құзыреттіліктері компоненттері(A. Босова)*

Аспект	I – деңгей
<i>Ақпараттық ізденістік жоспарлау</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ақпаратты белгілі мен белгісізге бөледі</li> <li>- қойылған міндетті шешу үшін ақпараттың қайсысын білетіндігін, қайсысын білмейтіндігін анықтайды</li> <li>- ұсынылған ақпараттан қойылған міндеттерді шешуге қажетін бөліп алады</li> <li>- анықтамалықтарды, энциклопедияларды қолданады, мазмұны бойынша кітаптардан, сілтемелер бойынша сайттан бағдар таба алады</li> </ul>
<i>Ақпаратты алғашқы рет алу</i>	<p>Қойылған міндеттерге сай, жоспар бойынша бақылау/ эксперимент жүргізеді</p> <p>Фактілердегі (монолог, диалог, пікrtаластағы) бағалау ақпараттарының негізгі мазмұнын қабылдап, негізгі ойларын, себептік – салдр байланыстарын, айтып тұрған адамның оқиғаға, адамдарға деген қатынасын анықтайды</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- (қойылған міндеттерге сәйкес жоспар бойынша эксперимент) жүргізеді</li> <li>- ақпаратты адамға сұрақ қоя отырып алады</li> <li>- ақпаратты көркем образды мазмұнды қайнар көздерден бөліп алады</li> </ul>
<i>Ақпараттен екінші рет жұмыс жасасу.</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ақпараттарды алғып, екі немесе одан да көп негіз бойынша жүйелейді</li> </ul>
<i>Ақпаратты алғаш рет өңдеу</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- 1-2 қарапайым деректердегі артық ақпараттармен жұмыс</li> <li>- алынған ақпаратты қарапайым берілген күрылым аясында жүйелендіреді (1 белгі бойынша)</li> <li>- қарапайым(бір құрамды) ақпараттарды графикалық немесе формальды (символдар) түрінен мәтінге немесе керісінше ауыстырады</li> </ul>
<i>Ақпараттарды өңдеу(жіктеу)</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- алынған ақпаратты нақты баяндайды</li> <li>- ақпараттың жеткіліксіздігін немесе түсініксіздігін көрсетіп, сұрақтар қояды</li> <li>- ұсынылған дерек көздеріндегі ақпараттан дәйектер мен корытындылар табады</li> </ul>
<i>Ақпаратты өңдеу кезінде логикалық операцияларды пайдалану</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түсіндіреді, дәйектемені бағалайды</li> <li>- ақпаратты тапсырмаға сәйкес түсіндіреді және таратады</li> <li>- берілген негізге сүйеніп жіктейді</li> <li>- түсініктердің белгілерін, нысанды, құбылысты бөліп алады және олардың бастысын және жанамасын бөледі</li> <li>- сәйкестігі мен қайшылығын табады</li> </ul>

## Коммуникативтік құзыреттілік

Аспект	I – деңгей
<i>Жазбаша қатынас</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым құрылымдағы жазбаша коммункацияның стандартты өнімдері формасында өз ойын рәсімдейді(құрастырады)</li> <li>мәтінді және берілген үлгідегі қосымша графиканы рәсімдеу нормаларын сақтай отырып сұрақты баяндайды</li> </ul>
<i>Көпшілік алдында сөз сөйлеу</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- көпшілік алдында сөз сөйлеу нормаларын, регламентін (шегін) сақтайды</li> <li>Сөйлейтін сөзінің жоспарын берілген мақсат, аудиторияның ерекшелігіне және сөйлеу жанрына байланысты дайындаиды</li> <li>өз сөзінің мағыналық блоктарын ерекшелеу үшін үзілістер (паузалар) пайдаланады</li> <li>- сөйлеген сөзіне басқалардың нақтылау мен түсінуге берілген сұрақтарымен жұмыс жасайды</li> </ul>
<i>Диалог</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- монолог, диалог, пікірталастағы (топ) ақпараттың негізгі мазмұнын нақты бағалап, қабылдайды</li> <li>- әңгімені нормаға сәйкес бастап, аяқтайды, диалог форматы мен мақсатына сәйкес сұрақтарға жауап береді және сұрақтар қояды.</li> </ul>
<i>Өнімді топтық қатынас</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқушылар топтық талқының берілген процедурасына өз бетімен ілеседі</li> <li>- оқушылар топтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес жауап береді (іс-әрекетті орындаиды)</li> <li>- оқушылар өз идеяларын ұсына отырып түсіндіреді немесе топтың өзге де мүшелерінің идеяларына өз қарым-қатынастарын дәйектейді</li> </ul>

## Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі (өзіндік менеджмент)

Аспект	1 деңгей
<i>Проблеманы анықтау</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалім тұжырымдаған проблеманы шешуге қай тұрғыда келетінін түсіндіреді</li> <li>- нақты және керекті жағдайлардың бір-бірінен айырмашылығын көрсете отырып, жалпылама сипаттайтыды</li> </ul>
<i>Әрекеттің жоспарлау және мақсат қою</i>	міндеттерді анықтап, оны орындау бойынша жасалатын қадамдарды (жұмыстарды) хронологиялық жүйемен орналастырады
<i>Технологияларды қолдану</i>	- нұсқау бойынша технологияларды есіне түсіріп, жаңғыртады
<i>Ресурстарды жоспарлау</i>	- белгілі әрекеттерді орындау үшін қажетті ресурстарды атайды
<i>Қызметтің бағалау</i>	- өзі іс-әрекетіне бағылауды тапсырылған тәртіппен орындаиды
<i>Қызмет өнімінің нәтижесін бағалау</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспарланған және алынған өнімнің сипаттамаларын салыстырады және өнімнің дұрыстығы туралы қорытынды жасайды</li> <li>- өз әрекетінің өнімін берілген өлшемдер мен тәсілдерге сәйкес бағалайды</li> </ul>
<i>Өзіндік өсүін бағалау (рефлексия)</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсетеді</li> <li>- өз қызметтің қызығушылығын(мотивін) атайды</li> </ul>

2008 – 2009 оқу жылынан бері үш құзыреттіліктің компонентерін қалыптастыру мақсаты колledgeдегі педагогикалық процесті ұйымдастырудың негізіне алғыншып отыр. Оқу пәндерін оқыту процесінде колледж директоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Ш.Х. Құрманалина жасақтаған сабак жоспарының жобасы қолданылуда. Жобаға сай әрбір пән мұғалімінен сабак жоспарын құрастырғанда білім нәтижелерін міндетті, жүйелі турде жобалау талап етіледі. Құзыреттілік дәстүрлі сабактың *білімдік, тәрбиелік, дамытуышылық* деп аталатын үш мақсатын жоққа шығармайды, қайта оны толықтырып, оқыту процесін онтайландыруға жағдай жасайды.

Құзыреттілікке бағытталған сабак жоспары – сабактың жоспарының жетілдірілген түрі; бұл мұғалімдер мен оқушыларға арналған жүйелі – әдістемелік нұсқау. Онда тек қана мұғалімнің іс – әрекеті ғана емес, оқушылардың да берік білім алып, шығармашылық теориялық ойын дамытатын іс – әрекеті жоспарланады.

Құзыреттілікке бағытталған сабак жоспары оқушының білім алуға үйретіп, өзінің уақытын мұғаліммен бірге тиімді пайдалануға үйретеді. Құзыреттілікке бағытталған сабак жоспарының дәстүрлі сабак жоспарынан бір айырмашылығы мұғалім мен оқушы позициясының

өзгеруінде. Оқушы – сабактың басты қызметкери. Мұғалім – сабакта үйымдастырушы, кеңесші позициясын ұстанып, оқыту үрдісін үйымдастырады (1 - кесте)

2 кесте

Сабак жоспарының жобасы

Пәні:			
Тобы:			
Уақыты:			
Сабактың тақырыбы:			
Құзыреттілікке жеткізетін сабактың мақсат-міндеттері:			
A) ақпараттық құзыреттілік			
Ә) коммуникативтік құзыреттілік			
Б) проблеманы шешу құзыреттілігі			
Сабактың типі:	Аралас; жаңа материалды хабарлау; пысықтау сабағы т.б.		
Сабакта қолданылатын педагогикалық технологиялар:	<p>A) <i>Педагогикалық қарым-қатынаста жеке тұлғаны ізгілендіру және демократияландырудың негізделген технологиялар: ынтымақтастық, білім беруді ізгілендіру</i></p> <p>Ә) <i>Оқушылардың іс-әрекетін белсенділендіру және күшетту негізіндегі педагогикалық технологиялар: проблемалық, ойын, тірек сигналдар арқылы оқыту, герман техникалық орталығы жобасы</i></p> <p>Б) <i>Әдістемелік білім жетілдіру және дидактикалық қайта құрастыру негізіндегі педагогикалық технологиялар: дидактикалық бірліктерді ірілendіру, ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру, модульдық</i></p> <p>В) <i>Оқыту үрдісін тиімді басқару және үйымдастыру негізіндегі педагогикалық технологиялар: АКТ, оза оқыту, ұжымдық және топтық оқыту, жобалап оқыту, денгейлеп-сарапап оқыту,</i></p> <p>Г) <i>Дамыта оқыту технологиялары: оқу мен жазу арқылы сынни тұрғысынан ойлауды дамыту, дамыта оқыту</i></p>		
Сабактың әдісі:	<p>A) білім алу көзіне қарай топтастырылған әдістер: сөздік, көрнекілік, практикалық</p> <p>Ә) таным белсенділігі деңгейіне қарай топтастырылған әдістер: түсіндірмелі-иллюстративті, репродуктивтік, проблемалық, ішінара зерттеу, эвристикалық</p> <p>Б) оқытуудың дидактикалық мақсат-міндеттеріне қарай топтастырылған әдістер</p> <p>В) білімді бақылау, бағалау әдістері т.б.</p>		
Пәнаралық байланыс:			
Оқыту құралдары:			
Сабактың барысы:	Оқытушының қызметі	Студенттің қызметі	Күтілетін нәтиже студент
I. Үйымдастыру бөлімі			
II. Үй тапсырмасы тексеру	- дәптер жинау арқылы - топшамамен, перфо- карталармен жұмыс арқылы - тест жұмысы арқылы - топ бойынша жоба корғау арқылы т.б.		Коммуникативтік құзыреттілік проблеманы шешу құзыреттілігі
III. Өткен оқу материалын қайталау арқылы жаңа материалдық қабылдауға дайындық			Коммуникативтік құзыреттілік

IY. Жаңа материалды оқушылардың өздік жұмыстары арқылы менгерту	- окулықпен жұмыс - интерактивтік тақтамен жұмыс т.б.		Ақпараттық құзыреттілік
Y. Жаңа білімді бекіту	- практикалық жұмыстар - тесттер - шығармашылық тапсырмалар		Проблеманы шешу құзыреттілігі
YI. Үйге тапсырма. Корытындылау.			

Құзыреттілікке бағытталған сабак жоспарымен жұмыс жасайтын мұғалімнің қызметіндегі өзгерістерге сипаттама

Өзгеріс аясы	Мұғалімнің дәстүрлі іс – әрекеті	Құзыреттілікке бағытталған сабак жоспары жағдайындағы мұғалімнің іс – әрекеті
Сабакқа дайындық	Мұғалім қатаң құрылым данған сабак конспектісін қолданады	Мұғалім сабактағы оқушының іс – әрекетін, күтілетін нәтижелерді жоспарлайды
Сабактың негізгі кезеңдері	Сабактың көп уақытын мұғалімнің түсіндіруі алады	Оқушылардың өздік жұмысы (сабактың жартысынан көбі)
Сабактағы басты мақсат	Жоспарланған жұмыстардың бәрін орындауға үлгеру	Оқушылардың іс – әрекетін ұйымдастыру: ақпараттарды іздең, талдау; іс – әркеттің тәсілдерін жинақтау; оқу міндеттерін қою т.б.
Оқушыларға арналған тапсырмалар(балалардың іс – әрекетін анықтау)	Тұжырымдар: шығарындар, көшіріндер, салыстырындар, табындар, орындандар т.б.	Тұжырымдар: талдандар, дәлелдендер (түсіндіріндер), салыстырындар, шартты белгімен көрсетіндер, схема, немесе модель жасаңыз, жалғастырыныз, корытынды жасаңыз, шешім немесе шешім тәсілдерін ұсыныңыз, зерттеңіз, бағалаңыз, өзгертніз, ойлап шығарыңыз т.б.
Сабактың түрі	Көбіне фронтальдық	Топтық және жекелеп оқытуға басымдық беріледі
Сабактың қалыптан тыс жүргізуі	–	Сабактың дәстүрлі емес түрлері қолданылады.
Білімдік орта	Мұғалім жасайды. Оқушылар жұмысының формасы	Оқушылар жасайды (оқушылар оқу материалдарын дайындауды, презентация жасайды)
Оқыту нәтижесі	Пәндік нәтижелер	Пәндік нәтижелер ғана емес, жеке тұлғалық пәннен тыс нәтижелер, оқылатын пәндердің шекарасынан шығу
	Оқушылардың портфолиосы жоқ	Портфолио жасақтау
	Негізгі баға – мұғалімнің бағасы	Бағалау нормасымен сәйкесті оқушылардың өзін-өзі бағалауына мүмкіндік жасау
	Бақылау жұмыстарының корытындысы бойынша жақсы бағаның маңызы зор	Оқытудың аралық нәтижелерін бағалау. Балалардың үйрену нәтижелерінің динамикасын есепке алу

Сонымен құзыреттілікке бағытталған сабак жоспары мұғалімнің ішкі бақылауын қосымша өзін-өзі бақылаумен және өзін-өзі бағалаумен, оқу іс-әрекетінің берілетін өнімдерін сыртқы сараптық бағалаудың маңыздылығымен толықтыруды талап етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. 2010. – 8 б.

- 2 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл.докт....автореф.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- 3 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.
- 4 Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компетентности учителя. – Алматы, 2006.
- 5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. – М.: «Когито-Центр», 2002. – 396 с.
- 6 Сорокина Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущего учителя средствами интегрированного учебного содержания // Начальная школа. – 2004. – №2. – С. 110–114.
- 7 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында да-мыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005.

## **ПОЗИТИВНАЯ СОЦИАЛИЗАЦИЯ ДЕТЕЙ С ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ НЕДОСТАТОЧНОСТЬЮ КАК НЕОБХОДИМОЕ УСЛОВИЕ ИХ ИНТЕГРАЦИИ В ОБЩЕСТВЕ**

***Искакова Г.К.,***

*Лисаковская коррекционная школа–интернат, Казахстан*

***Annotation.*** *Integration into society of children with intellectual disabilities can be successful by increasing their domestic and social experience and communication content of special education with the surrounding reality.*

***Аннотация.*** *Интеграция в общество детей с нарушениями интеллекта может быть успешной, благодаря расширению их бытового и социального опыта и связи содержания специального образования с окружающей действительностью.*

Каждый человек в обществе занимает определенное место, всегда находится в соответствующих отношениях с окружающими людьми. В процессе этого взаимодействия человек пытается понять себя и других, оценить их чувства и поступки, принять или отвергнуть нравственные эталоны, а это, в свою очередь, приводит к возможности лучше реализовать себя, добиться определенных успехов в жизни, занять свое место в современном обществе.

Конвенция о правах ребенка предполагает создание условий для «достойной жизни» детей с ограниченными возможностями, в том числе и для детей с выраженной интеллектуальной недостаточностью. Основная задача коррекционной школы – максимально развивать социальные навыки умственно отсталых учащихся, необходимые для дальнейшей социализации и успешной интеграции в общество.

Интеграция в общество детей с нарушениями интеллекта не может происходить так же, как у их нормально развивающихся сверстников. Имеющийся дефект приводит к нарушению связей с социумом, культурой как источником развития.

Степень интеграции детей с интеллектуальной недостаточностью в общество зависит от участия семьи в этом процессе. Семья – это микросоциум, в котором ребенок не только живет, но и в котором формируются его первые представления об окружающем мире, отношения к миру людей и осознанию себя в нем. Сравнительный анализ социального паспорта школы за три года показывает: что количество детей из малообеспеченных и неблагополучных семьях увеличивается, что неблагоприятно сказывается на качестве жизни и абилитации (социальной адаптации) детей с нарушением развития.

Как показывает наблюдения за семьями детей, обучающихся в коррекционной школе, отношения в этих семьях обладают своей спецификой. Трудная задача изменения собственных ожиданий и установок родителей по отношению к больному ребенку, с одной стороны, и невозможность изменить биологический и эмоциональный статус ребенка, с другой, – приводит к непониманию ребенка членами семьи. В социальном плане это порождает неопреде-